

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Мақсұтова Динара Жасұланқызы

Тақырыбы: « Орал қаласында тиімді шынылауды пайдалана отырып, сауда-
ойын-сауық орталығы »

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов
«__»__ 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Орал қаласында тиімді шынылауды пайдалана отырып,
сауда-ойын-сауық орталығы»


6B07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған

 Максұтова Д.Ж.

Рецензент

Канд.техн.наук, профессор

 Бакиров.К.К.
«__»__ 2023 ж.

Ғылыми жетекші

Т.ғ.м., аға оқытушы

 Ниетбай С.Е.
«__»__ 2023 ж.

Алматы 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы


6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.д., тауымдастырылған

профессор

 Д.А. Ахметов

«_____» _____ 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы _Максұтова Динара Жасұланқызы

Тақырыбы: «_____»

Университет ректорының «23» қараша 2021 ж. №408-п - бұйрығымен
бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі_« 10 » мамыр 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы –Орал қаласы,
ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, кран жұмыс істейтін аралық-
темірбетонды, кран жұмыс істемейтін аралық-металл конструкция ферма,
сыртқы қабырға – газобетон блок


Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау
шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның)
жылутехникалық есебі, жарықтехникалық есептеу, нұсқаны есептеу фундаменти
және салу тереңдігі, энергия тиімділігі бойынша шараларды негіздеу;
- б) Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік жүктемелерді анықтау,
арқалық, ұстын есебі;
- в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлім: технологиялық карталарды әзірлеу,
құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыстың бас жоспары;
- г) Экономикалық бөлімі: жергілікті смета, объектілік смета, жиынтық смета;
Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

№	Бөлем	30%	60%	90%	100%	Ескертпе
1	Сәулет-аналитикалық	23.01.2023г.- 20.02.2023г.				
2	Есептік-конструктивтік		20.02.2023г. - 26.03.2023г.			
3	Ұйымдастыру-технологиялық			27.03.2023г. - 30.04.2023г.		
4	Экономикалық				01.05.2023- 07.05.2023	
5	Алдын ала қорғау	08.05.2023г.-15.05.2023г.				
6	Антиплагиат	16.05.2023г.-30.05.2023г.				
7	Нормобақылау	10.05.2023г.-17.05.2023г.				
8	Сапаны бақылау	18.05.2023г.-30.05.2023г.				
9	Қорғау	01.06.2023г.-12.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Ниетбай С.Е., т.ғ.м., аға оқытушы		
Есептік-конструктивтік	Ниетбай С.Е., т.ғ.м., аға оқытушы		
Ұйымдастыру-технологиялық	Ниетбай С.Е., т.ғ.м., аға оқытушы		
Экономикалық	Ниетбай С.Е., т.ғ.м., аға оқытушы		
Нормобақылау	Халелова А.Қ., т.ғ.м., ассистент		
Сапаны бақылау	Козюкова Н.В., т.ғ.м., аға оқытушы		

Ғылыми жетекшісі

Ниетбай С.Е.

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы

Мақсұтова Д.Ж.

Күні

«__» _____ 2023 ж.

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 5 парақ;
2. Ұстынның арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;
3. Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары,
құрылыстық бас жоспар – 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы, 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013 Құрылыс жылу техникасы

АҢДАТПА

Сәулетте мөлдір материалдарды қолдану қазіргі құрылыстағы өзекті трендтердің бірі болып табылады. "Орал қаласында тиімді шынылауды пайдалана отырып, сауда-ойын-сауық орталығы" тақырыбындағы дипломдық жұмыс сәулет-құрылыс-көлемдік жоспарлау және сәулет-конструктивтік шешімдерді, өңірдің климаты мен геологиясын сипаттауды, сондай-ақ сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебін қамтитын төрт бөлімнен тұрады.

Жоспарланған қоғамдық орталық Орал қаласының орталығындағы А. Молдағұлова көшесінде орналасады. Қасбеттердің түс схемалары көрші ғимараттардың қасбеттерінің сұр реңктерін әртараптандыру идеясына негізделген. Ғимаратқа екі кіреберіс және бір пандус бар.

Жұмыс шеңберінде Лира САПР 2016 бағдарламасында ғимараттың темірбетонды монолитті қаңқасын есептеу, сондай-ақ қатарлы баған мен монолитті іргетас тақтасын қолмен есептеу жүргізілді. Дипломдық жұмыстың технологиялық бөлігі жобаланған объектінің өндірістік мақсатын көрсетеді. Экономикалық бөлім ABC 4 бағдарламасында сметасы құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын есептеу әзірленді. Жұмысты орындау үшін Revit 2023, AutoCAD 2023, LIRA-CAD 2016 сияқты бағдарламалар қолданылды.

Осылайша, әйнек мөлдір конструкцияларды қолдана отырып жобаланған банк ғимаратының құрылысы барлық заманауи талаптарға жауап беретін заманауи және жоғары технологиялық ғимаратты құруға мүмкіндік беретін маңызды және перспективалы жоба болып табылады.

АННОТАЦИЯ

Применение светопрозрачных материалов в архитектуре является одним из актуальных трендов в современном строительстве. Дипломная работа на тему " Торгово-развлекательный центр с использованием эффективного остекления в г. Уральск " состоит из четырех разделов, которые охватывают архитектурно-строительно-объемно-планировочные и архитектурно-конструктивные решения, описание климата и геологии региона, а также теплотехнический расчет наружной стены.

Планируемый общественный центр разместится на улице А.Молдагуловой в центре города Уральск. Цветовые решения фасадов основаны на идее разнообразить серые тона фасадов соседних зданий. Есть два входа в здание и один пандус.

В рамках работы был проведен расчет железобетонного монолитного каркаса здания в программе Лира САПР 2016, а также ручной расчет рядной колонны и монолитной фундаментной плиты. Технологическая часть дипломной работы отражает производственное назначение проектируемого объекта. В программе экономической части – ABC 4 был разработан расчет себестоимости строительных работ. Для выполнения работы использовались такие программы, как Revit 2023, AutoCAD 2023, Лира-САПР 2016.

Таким образом, строительство здания банка, спроектированного с использованием стеклянно-прозрачных конструкций, является важным и перспективным проектом, позволяющим создать современное и высокотехнологичное здание, отвечающее всем современным требованиям

ABSTRACT

The use of translucent materials in architecture is one of the current trends in modern construction. The thesis on the topic " Shopping and entertainment center with efficient glazing in Uralsk " consists of four sections that cover architectural, construction, spatial planning and architectural design solutions, a description of the climate and geology of the region, as well as thermal engineering calculation of the outer wall.

The planned community center will be located on A.Moldagulova Street in the center of Uralsk. The color solutions of the facades are based on the idea of diversifying the gray tones of the facades of neighboring buildings. There are two entrances to the building and one ramp.

As part of the work, the calculation of the reinforced concrete monolithic frame of the building was carried out in the Lira CAD 2016 program, as well as the manual calculation of the row column and the monolithic foundation plate. The technological part of the thesis reflects the industrial purpose of the projected object. In the program of the economic part – ABC 4, the calculation of the cost of construction works was developed. Programs such as Revit 2023, AutoCAD 2023, Lira-CAD 2016 were used to perform the work.

Thus, the construction of a bank building designed using glass-transparent structures is an important and promising project that allows you to create a modern and high-tech building that meets all modern requirements.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	11
1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім	12
1.1 Сәулеттік бөлімше	12
1.1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы	12
1.1.2 Ғимараттың сәйлеттік-конструктивтік шешімдерінің сипаттамасы	12
1.1.3 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу	13
1.1.4 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайын талдау	13
1.1.5 Қоршау құрылымының жылутехникалық есебі	14
1.2 Инженерлік бөлімше	16
1.2.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы	16
1.2.2 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары	16
1.2.3 Сумен жабдықтау	17
1.2.4 Электр тогымен қамтамассыз ету	17
1.2.5 Жылумен қамтамассыз ету	17
1.3 Аналитикалық бөлімше	18
1.3.1 Көлемдік-жоспарлау шешімдерін негізде	18
1.3.2 Ғимараттың конструкциялық жүйесін таңдау	18
1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу	18
2 Есептік-конструктивтік бөлім	20
2.1 Есептік бөлімше	20
2.1.1 Жалпы мәліметтер	21
2.1.2 Жүктемелерді жинау	23
2.1.3 Қар жүктемесі	24
2.1.4 Жел жүктемесі	24
2.1.5 Жүктемелер және қатаңдық түрлері	27
2.1.6 Негізді модельдеу	27
2.2 Конструктивті бөлімше	28
2.2.1 Ұстын есебі	28
2.2.2 Арқалық есебі	33
3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлім	38
3.1 Технологиялық бөлімше	38
3.1.1 Жұмыс көлемін анықтау	38
3.1.2 Экскаваторды таңдау	39
3.1.3 Автосамосвал санын анықтау	42
3.1.4 Бульдозер және каток таңдау	43
3.1.5 Мұнаралы кран түрін таңдау	44
3.1.6 Бетон жұмыстарын өндіруге арналған машиналар таңдау	45
3.2 Ұйымдастыру бөлімше	46

3.2.1 Еңбек сыйымдылығын анықтау және еңбек шығындарын есептеу	47
3.2.2 Жарықтандыру есептеу	47
3.2.3 Су қажеттілігін есептеу	58
3.2.4 Уақытша ғимараттар мен қойма аудандарының қажеттілігін есептеу	50
3.2.5 Электр қажеттілігін есептеу	51
3.2.6 Құрылыс алаңында автокөлік қозғалысын ұйымдастыру	51
3.2.7 Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарын жасау	53
3.2.8 Ғимараттың жер асты бөліктерін гидрооқшаулау	53
3.2.9 Қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шаралар	54
4 Экономикалық бөлім	56
Қорытынды	57
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	58
А Қосымшасы	59
В Қосымшасы	67
Г Қосымшасы	70
Г.1 Нәтижелерді сараптау	70
Г.1.1 Сейсмикалық әсерлерден ғимараттың жоспардағы тұрақтылығы	70
Г.1.2 Сейсмикалық әсерлерден ғимараттың биіктік бойынша тұрақтылығы	84
Г.2 Іргетастың шөгуі	87
Г.3 Жел жүктемесінен горизонтальды орын ауыстыру	88
Г.4 Ғимарат қабаттарының көлденең қисаюын тексеру	90
Г.3 Аражабындардың иілуін тексеру	93
Д Қосымшасы	95

КІРІСПЕ

Құрылыс - қоғамның маңызды бөлігі. Қоршаған айналамыз зәулім ғимараттармен, құрылыс аймақтарына толы. Құрылыс ғажайыптары тек қоныс орны болып табылмайды, сонымен қатар қоғамға демалыс орындары мен жұмыс орындарын сыйлайды. Менің дипломдық жобам екі саланы да қамтиды. Ғимарат әмбебаптығымен ерекшеленеді. Алғашқы қабаттарында демалыс орындарымен, басым сауда орталығы болса, жоғары қабаттары кеңсе орталықтарымен қамтылған. Сауда орталықтары, қонақ үйлер, автотұрақтар және басқа да құрылыс нысандары адам өмірі мен экономикалық қызмет үшін де маңызды. Олар тұтынушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар жұмыс орындарын құруға және аймақтардың экономикасын дамытуға ықпал етеді.

Ғимарат әмбебаптығымен қатар ерекше құрылымдылығымен көзге түседі. Тиімді шынылауды пайдалана отырып ғимарат қасбетінің шығыс бөлігі күмбезді тұтас витраждармен әйнектелген, сонымен қатар кейбір қабаттардың қабырғаларының бөліктері витраждар көмегімен жарықтандыруды арттыру үшін әйнектелген. Ғимараттың қоғамға қызметімен қатар, эстетикалық бейнесі де аса зор көңіл бөлінген.

Дипломдық жобаны жасауда қазіргі-заманауи компьютерлік бағдарламалар кешендерін пайдалана отырып жасалынды. Ғимараттың сәулеттік бөлімі Revit 2023 бағдарламасымен жобаланған. Бұл бағдарлама арқылы ғимараттың қабат жоспарлары, қасбеттері, бас жоспарлапы және қималары жобаланды. Құрылымдық бөлімі Лира САПР 2016 қолданып орындалды. Бұл бағдарламаға ғимараттың есептік схемасы сызылып, оған жүктемелер мен жүктемелер комбинациясы берілді. Осы арқылы бағдарламадан қажетті есептеулер алынып, ғимараттың көтергіш қабілетіне жауап беретін құрылымдық шешімдер қабылданды. Экономикалық бөлімі ABC-4 бағдарлам


1 Сәулеттік-аналитикалық бөлім

1.1 Сәулет бөлімі

1.1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайларының сипаттамасы

Ғимарат Орал қаласында орналасқан.

- Құрылыстың климаттық ауданы – III А
- Сыртқы ауалық есептік орташа ең суық тәулік температурасы -36°C
- Сыртқы ауалық есептік ең суық бес күндік температурасы -30°C
- Ғимараттың жауапкершілік класы- II
- Отқа төзімділік деңгейі- II
- Желдің жылдамдығы мен қайталануы - 0.56 кгс/м^2
- қар жүктемесі- 1.8 кПа



Сурет-1.1.1 Жел раушаны

1.1.2 Ғимараттың сәулеттік-конструктивтік шешімдерінің сипаттамасы

Әкімшілік ғимаратты жобалауға ұсынылған жер алаңы, Орал қаласының орталығында орналасқан. Құрылыс алаңының ауданы көгалдандыру, автотұрақ сондай-ақ тағы да басқа алаңдарды қамтып, 2225 м^2 құрады.

Жобаланылған нысанның алаңы бұрындары салынған аз қабатты қала құрылыстарымен шектеледі.

- солтүстіктен- қалалық медициналық клиникасымен;
- оңтүстіктен- 9-қабатты тұрғын үйлермен;
- шығыстан- 5-қабатты тұрғын үйлермен;
- батыстан- №20 гимназиямен шектеседі.

Алаңды сәулеттендіру мен көгалдандыру. Ғимаратқа жақын аумақтарды күтіп ұстау үшін қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдай жасау үшін жоба

аймақтың климаттық жағдайларына негізделген, олардың санитарлық қорғау, сәндік қасиеттері мен шаң-газға төзімділік жағдайларын ескере отырып, ағаштарды және бұталарды жергілікті түрлерін отырғызу арқылы жақсартуды көздейді.

Бұдан басқа, қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету үшін жобаланған аймақта асфальт-бетон жамылғы көзделген.

Бас жоспар ҚР ЕЖ 3.01.101-2032 «Қала құрылысы. Елді мекендерді ұйымдастыру», ҚР ЕЖ 3.01-102-2012 «Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын ыңғайландырып жоспарлау және құрылысын жүргізу» негізінде жасалған.

1.1.3 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу

Жобаланған нысанның көлемдік жоспарлау шешімдері объектінің технологиялық-функционалдық шарты мен бөлмелердің бүкіл құрамын есепке алынған.

Жобаланған ғимарат күрделі формада жоспарланған, он қабатты, өлшемдері 38,485х64,485 м болып қабылданған. Ғимараттың алғашқы үш қабаттарының биіктігі 3,600 м, ал қалған қабаттарының биіктігі 3,300 м. Ғимарат биіктігі 44,020 м.

Жобаланған ғимараттың ішкі қабырғалары және сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 410 мм құрайды, ал ішкі бөлетін қабырғаларының қалыңдығы 120 және 250 мм құрайды.

Нысанның қабаттары типтік бөлмелерден тұрады:

- жиналыс бөлмелері;
- нысанның дәліздері;
- санитарлы түйіндер;
- техникалық бөлмелер.

1.1.4 Құрылыстың инженерлік-геологиялық жағдайын талдау

Учаскенің геологиялық құрылыстарына қуаты 0,8 м-1,0 м үйілген топырақпен жабылған орта және жоғарғы метверталды аллювиалды-пролювиалды шөгінділер қатысады, үйіндінің астында жатқан саздақтар, қоңыр түсті жартылай қатты консистенциясы 2,6-3,0 м (І типті) тереңдікке дейін, қаттың қуаты 1,6-2,0 м. Жер асты сулары зерттеу кезеңінде (қазан 2017ж) тереңдігі 10,0 м ұңғымалармен ашылды. Топырақтың қату тереңдігі – 67,2 см.

Топырақ түрі – саздақ (суглинок). Саздақтың физико-механикалық қасиеттері:

- $\gamma = 18,9 \text{ кН/м}^2$
- $\varphi_0 = 22$ градус
- $c = 8 \text{ кПа}$

1.1.5 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі

Сыртқы қабырға қалыңдығын есептеу.

Жылу техникалық есеп ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы», ҚР ЕЖ 2.04-106-2012 «Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау», ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» МСП 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау» сәйкес орындалды.


Жылыту кезеңінің dd-градусо-тәулігі ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» бойынша анықталады.

$T_{\text{int}}=22$ град. ішкі ауаның есептік температурасы

$T_{\text{ext}}=-30,7$ град. сыртқы ауаның есептік температурасы (ең суық бес күндік) ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 3-қосымша бойынша қабылданады.

1.1.5.1 Кесте – Жүктерді жинау

Қабат атаулары	δ	γ	λ	R
Әрлеме кірпіш	120	1600	0,81	0,007
Минерал мақта	10	80	0,045	0,014
Пенополистирол	60	30	0,042	1,86
Ұяшықты бетонды блоктар	200	1100	0,26	0,16
Сылақ	20	1800	0,76	0,014



1.1.5.1 Сурет – Ғимараттың есептік схемасы

Жылыту мезгілінің градус-тәулігінің (ЖМГС) келесі формула бойынша анықтау керек.

$$\text{ЖМГС} = (t_{\text{іш}} - t_{\text{бү}}) \cdot Z_{\text{ж. бү}} \quad (1.1.5.1)$$

мұндағы – тіш МСТ 12.1.005.88*-ге сәйкес ғимараттар мен имараттарды жобалау нормаларына сәйкес алынатын ішкі ауаның есептік температурасы, °C (16 ÷ 18);
 тж.бу, Zж.бу – ҚР ҚЖ «Құрылыс климатологиясы» бойынша 8°C-ден төмен және оған тең ауаның орташа тәуліктік температурасы және ұзақтығы, тәулік.

Орал қаласы үшін: Zж.бу=172 күн; тж.бу=-1,5°C:

$$ЖМГС = (22 + 1,5) \cdot 172 = 4042^{\circ}\text{C} \cdot \text{тәулік};$$

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергісі (1*-кесте). Аралық мәндерін интерполяциямен анықтау керек.

Дd=4042; жылу беру кедергісінің нормаланатын мәні ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 4-кестесі бойынша анықталады.

$R_{si}=1/\alpha_i$; $\alpha_i = 8,7$ – коэффициентті қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру кестесі 4-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

$R_{se}=1/\alpha_e$; $\alpha_e = 23$ – коэффициентті қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру кестесі 6-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

Қоршаушы конструкцияның жылу беруінің талаптық кедергісін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$R_0^{тр} = \frac{n \cdot (t_{iш} - t_c)}{\Delta t^H \cdot \alpha_{iш}} = \frac{1 \cdot (22 + 30,7)}{4 \cdot 8,7} = 1,5, \text{ м}^2\text{°C/Вт}$$

Қоршаушы конструкцияның жылу беру кедергісін R_0 , $\text{м}^2\text{°C/Вт}$, мына формуламен анықтайды:

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{iш}} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_c} \quad (1.1.5.2)$$

$$R_0 = \frac{1}{8,7} + \sum R_i + \frac{1}{23} = 0,115 + \sum R_i + 0,043 = 1,5 \text{ м}^2\text{°C/Вт}$$

$$\sum R_i = 1,5 - 0,115 - 0,043 = 1,347 \text{ м}^2\text{°C/Вт}$$

$$\sum R_i = \frac{0,065}{0,81} + \frac{0,01}{0,045} + \frac{X}{0,042} + \frac{0,2}{0,26} + \frac{0,02}{0,76} = 1,336 \text{ м}^2\text{°C/Вт}$$

$$X = 1,1 \cdot 0,042 = 46 \text{ мм}$$

Пенопласт қалыңдығын 6 см аламыз.

Санитарлық-гигиеналық және жайлылық шарттардан:

$$R_0^{\text{тр}} \leq R_0 = \frac{0,065}{0,81} + \frac{0,01}{0,045} + \frac{0,06}{0,042} + \frac{0,2}{0,26} + \frac{0,02}{0,76} + 0,115 + 0,043 = 2,685$$

1.2 Инженерлік бөлімше

1.2.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің сипаттамасы

Сауда ойын-сауық ғимаратының инженерлік жүйесі мен желісіне жылыту, сумен қамтамасыз ету, электрмен қамтамасыз ету, кәріз, газбен қамтамасыз ету, жарықтандыру және желдету кіреді. Ғимаратта жылыту, сумен қамтамасыз ету және электрмен жабдықтау орталықтандырылған болады. Бұл дегеніміз, бұл инженерлік желілер мен коммуникациялар айтарлықтай қашықтыққа тасымалданады. Ғимаратты жарықмен, электр желісімен АҚ «Орал Жарық» қамтамасыз ететін болады, ал газбен қамтамасыз етудің орталықтандырылған түрі қолданылады, және газбен АҚ «КазТрансГаз Аймақ» қамтамасыз етеді.

1.2.2 Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қажетті шаралары

Жасанды интеллект модельдері мен алгоритмдерін қолдану банк ғимаратының энергия тиімділігін 12% арттыруға мүмкіндік береді. Энергия тиімділігін арттырудағы жетістік Машиналық оқыту алгоритмдері мен AI енгізу арқылы энергия тұтынуды оңтайландыруға байланысты.

Ғимаратты салу кезінде физикалық нысандар мен қоршаған ортаның жай-күйі туралы деректерді анықтау және жинау үшін 50 мың сенсорлық сенсор орнатылды. Сенсорлар бағдарламаланатын математикалық деректерді өңдеу алгоритмдерін қолдана отырып, мәселелерді анықтауға және диагностикалауға мүмкіндік беретін басқару жүйесіне қосылды. Бұл банкке желінің бұзылуын болдырмауға және энергияны үнемдеу деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Кеңселердің энергия тиімділігін арттыру үшін:

- Бірнеше мың ағымдағы объектілерде телеметрия (автоматтандырылған бақылау жүйелері) және энергияны қашықтан басқару жүйелерін енгізілген.

- Энергия тиімділігі жоғары жабдық. Кеңселер энергияны үнемдейтін жарықдиодты жарықтандыруды пайдаланады.

- Компьютерлер демалыс және мереке күндері өшіріледі.

- Қоғамдық пайдалану аймақтарында кеңселерде жарықтандыруды реттейтін қозғалыс датчиктері орнатылған.

Жабдықтар мен ғимараттарды жаңғырту үшін энергия тиімділігіне қойылатын талаптар:

- Банк ғимаратында құрылыстардың меншікті энергия тұтыну нормалары қолданылады.

- Жабдықтың энергия тиімділігіне қойылатын талаптар "А" деңгейінде белгіленген, бұл энергияны ысырап етуді болдырмайды

1.2.3 Сумен жабдықтау

Нысанды шаруашылық және ішкерлік, сондай-ақ тұрмыстық мұқтаждықтармен қамтамасыз ету үшін салқын сумен жабдықтау жүйесі қарастырылады.

Қоғамдық ғимараттарда ҚНЖЕ 2.04.01-85* және ҚНЖЕ 3.02-07-2014 8 қосымшаға сай тұрмыстық және өртке қарсы пайдаланатындай ыстық сумен жабдықтау маңызды.

Құбыр жүйелері майлы бояумен екі рет боялады. Салқын және ыстық сумен жабдықтау магистральді құбыр түрлері ашық және жабық түрде, сондай-ақ жоғарғы және төменгі жүйелерді ажыратып орналастырылады.

Нысанда жеке су құбырларына арнайы жүйе жобаланылған: шаруашылыққа, ауыз суына, өртке қарсы су құбырлары.

Шаруашылықтағы қажеттіліктеріне жұмсалатын есептік су мен ауызсу шығынын жобалауы құрылыс нормаларына сай қабылданады.

Ыстық және салқын сумен жабдықтаудың жеткізу құбырлары полипропиленген және арматураланған Ø20 мм (PPRC-3, PN 25) құбырлары арқылы жасалады.

1.2.4 Электр тогымен қамтамасыз ету

Электр жабдығын жарықтандыру қондырғыларын, төмен кернеулі электр желісін, электр құрылғыларын қосуды қамтамасыз етеді.

Қуат көзі қалалық электрмен жабдықтау желісінің қолданыстағы электр желілерінен жасалған.

1.2.5 Жылумен қамтамасыз ету

Қоғамдық нысандарды жылыту ҚР ҚНЖЕ 4.02-42-2006 және ҚР ҚНЖЕ 3.02-07-2014 талаптарына сәйкес орындалады.

Жылумен жабдықтауды қалалық жылу жүйесіндегі қолданыстағы жылу желілері қамтамасыз етеді.

Жылыту жүйесі температура режиміне сәйкес орталықтандырылған салқындатқышты басқарады.

1.3 Аналитикалық бөлімше

1.3.1 Көлемдік-жоспарлау шешімдерін негіздеу

Орал қаласындағы заманауи жабдықтармен абаттандырылған банк ғимараты 11 қабаттан және жерасты қоймадан тұрады. Қасбеттер алюминий панельмен жасалған. Материалдар ағаш, бетон және шыны. Сондай-ақ алаңшада автотұрақ пен көгал қарастырылған.

1.3.2 Ғимараттың конструкциялық жүйесін таңдау

Ғимараттың конструкциялық жүйесі – қаңқалы, тұтас құйылмалы темірбетон конструкциясынан, іргетас-темірбетонды, қабатаралық жабын – тұтас құйылмалы темірбетонды плита, сыртқы қабырға – газобетон блок, цокольды этаж сыртқы қабырғасы – тұтас құйылмалы темірбетон. Іргетас плитасының қалыңдығын алдын ала 1,00 м қабылдаймыз.

Арқалықтың биіктігі мен ені:

– 6,0 м аралықтарда

$$h = \left(\frac{1}{8} \div \frac{1}{15} \right) \cdot 6,0 \text{ м} = 0,5 \text{ м}$$

$$b = (0,3 \div 0,5) \cdot 1,00 \text{ м} = 0,35 \text{ м}$$

Ұстын өлшемі $0,5 \times 0,5$ м қабылдаймыз. Жертөледегі сыртқы көтергіш қабырғалардың қалыңдығын 0,2 м қабылдаймыз.

1.3.3 Іргетастың нұсқаларын және төсеу тереңдігін есептеу

Ғимараттың орналасқан жерінің геологиялық жағдайларына қатысты іргетасты тақталы етіп тағайындаймыз. Іргетас плитасының қалыңдығы 1000 мм қабылданды. Іргетас плитасын салу топырақтың барлық түрлеріне, соның ішінде су деңгейі жоғары топырақтарға өте ыңғайлы нұсқа болып табылады. Өз кезегінде, көмілген таспа мен қадалар мен грильдердің негізі үшін топырақтың кейбір түрлеріне шектеулер бар, мысалы, жер асты суларының жоғары деңгейімен бұл негіздерді орнату мүмкін емес. Іргетасты қою тереңдігі:

$$d = d_{\theta} \cdot \sqrt{\sum_{i=1}^n M_i} = 0,23 \cdot \sqrt{9,8 + 9,9 + 1,6 + 5,8} = 2,4 \text{ м}$$

мұндағы:

- d_{θ} – әр түрлі топырақ түрлері үшін шамасы әр түрлі болатын коэффициент, құмдақ (суглинок) үшін $d_{\theta} = 0.23$;

- $\sum_{i=1}^n M_i$ – бұл бір күнтізбелік жылдағы аймақтағы барлық нөлден төмен айлық температураның квадрат түбірі.

2 Есептік-құрылымдық бөлім

2.1 Есептік бөлімше


2.1.1 Жалпы мәліметтер

Есептеулер барлық нормаларға сәйкес LIRA САПР 2016 бағдарламалық кешенін пайдалана отырып орындалды және есеп нәтижелері жазылды. Күштер мен есептік жүктемелердің таңдалған сындарлы үйлесімдерімен статикалық әсерлердің кеңістіктік жүйесін есептеу Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттарды қанағаттандыратындай Лира САПР бағдарламалық кешені негізінде есептелінді.

Дипломдық жобаны жазу барысында қолданылған деректер Орал қаласы бойынша:

- қар жамылғысы салмағының нормативтік мәні – 1,8 кПа;
- жел қысымының нормативтік мәні – 0,56 кПа;
- жоспардағы өлшемі – 64,485x38,485 м;
- қабаттар саны – 11;
- 1,2 қабаттың биіктігі – 4,6 м, типтік қабаттардың биіктігі – 3,3 м;
- арматуралар класы S500, S240;
- іргетас пен құрылыс конструкцияларына арналған бетонның классы C30/37;
- іргетас тақтасының қалыңдығы – 1000 мм;
- ұстын қимасы – 500x500 мм;
- қабырға қалыңдығы – 410 мм;

аражабын және жабын плитасының қалыңдығы – 300 мм.



2.1.1Сурет – Ғимараттың есептік схемасы

2.1.2 Жүктемелерді жинау

Жүктемелерді жинау СН РК EN 1991-1-1:2002/2011 бойынша жасалады. Жүктемелер бойынша мозайкалар А қосымшасында көрсетілген.

2.1.2.1 Кесте – Жүктерді жинау

	Жүктеулер		
1	өз салмағы		авто.
2	Еден конструкциясы	Қабат қалыңдығы, м тығыздығы, кг/м ³	Сипаттама жүктеме, кг/м ²
	жертөле үшін:		
	битумды гидроизоляция	0.01 1400	14
	пеностекло	0.1 140	1,4
	цемент-құмды жабын	0.05 1800	90
	Жертөле үшін барлығы:		106
	Типтік қабат үшін:		
	битумды гидроизоляция	0.01 1400	14
	Пенополистирол	0.1 30	3
	цемент-құмды жабын	0.05 1800	90
	Керамогранит	0.03 1800	54
	Типтік қабат үшін барлығы:		161
	тегіс шатырлар үшін:		
	көлбеу бетон қабаты	0.05 1800	90
	пароизоляция		0.01
	битумды гидроизоляция (2 слоя)	0.02 1400	28
	Тегіс шатырлар үшін барлығы:		118,01
	Қабырға құрылысы	Қабат қалыңдығы,м тығыздығы, кг/м ³	Сипаттама жүктеме, кг/м
	сыртқы өздігінен тұратын қабырғалар (қабырға биіктігі 3,6 м):		
	Әрлеме кірпіш	0.12 1600	691,2

2.1.2.1 кестенің жалғасы

Минерал мақта	0.01	2,88
	80	
Пенополистирол	0.06	6,48
	30	
Ұяшықты бетонды блоктар	0.2	792
	1100	
Сылақ	0.02	129,2
	1800	
Өздігінен тұратын қабырғалардың жалпы саны:		1622,2
сыртқы өздігінен тұратын қабырғалар (қабырға биіктігі 3,3 м):		
Әрлеме кірпіш	0.12	633.6
	1600	
Минерал мақта	0.01	2.64
	80	
Пенополистирол	0.06	5.94
	30	
Ұяшықты бетонды блоктар	0.2	726
	1100	
Сылақ	0.02	118.8
	1800	
Өздігінен тұратын қабырғалардың жалпы саны:		1487
сыртқы өздігінен тұратын қабырғалар (парапет биіктігі 0,5 м):		
газоблок	0.3	90
	600	
экструдталған пенополистирол	0.1	2
	40	
кірпішпен қапталған	0.12	108
	1800	
Парапет үшін барлығы:		200
бөлімдер (биіктігі 4.4м)		
гипсокартон	0.0125	27
	600	
дыбысоқшаулағыш Isover	0.075	3,5
	14	
гипсокартон	0.0125	27
	600	
Бөлімдерге арналған жалпы:		70.62
4	Көлденең жердегі қысым	Сипаттамалар
	Ұсақ құм	$E = 1600 \text{ кН/м}^2$
		$\gamma = 1.95 \text{ т/м}^3$
		$\varphi = 35 \text{ град.}$
		$c = 0$
	Есеп	
	6,4 кезіндегі белсенді жер қысымының көлденең қарқындылығы	
	Аяқталған еденге қатысты жер деңгейі -3,600	

2.1.2.1 кестенің жалғасы

$\sigma_r = \gamma H \lambda_r = \gamma H \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1,6 \cdot 4,6 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{35}{2} \right) = 2,77 \text{ т/м}^2$
Бөлінген жүктемеден 6,4 м деңгейіндегі белсенді топырақ қысымының көлденең қарқындылығы $q=5 \text{ т/м}^3$
$\sigma_{qr} = q \cdot tg^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) = 1,6 \cdot tg^2 \left(45 - \frac{35}{2} \right) = 0,43 \text{ т/м}^2$
$2,77 + 0,43 = 3,20$

2.1.3 Қар жүктемесі

Жабынға түсетін қар жүктемелері анықталады (қалыптасқан өтпелі есептік жағдайлар үшін):

$$s = \mu_i \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k \quad (2.1.3.1)$$

$$s = \mu_1 \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 1,44 \text{ кПа}$$

μ_i – қар жүктемесі нысанының коэффициенті

Орал қаласы, 3 аймақ.

$s_k = 1,8 \text{ кПа}$ – топырақтағы қар жүктемесінің сипаттамалық мәні; НТП РК 01-01-3.1 (4.1)-2017 бойынша В қосымшасынан анықтаймыз.

$C_e = 1$ – қоршаған орта коэффициенті;

$C_t = 1$ – температуралық коэффициент.

C_t температуралық коэффициентін жылу берілісі жоғары жабындарға ($1 \text{ Вт/м}^2\text{К}$) қар жүктемелерін төмендету үшін, әсіресе жылу берілуінің салдарынан қардың еруі пайда болатын кейбір шыны жабындар үшін есептеулерде пайдалану керек. Барлық басқа жағдайларда $C_t = 1$.

$$\mu_1 = 0,8$$

$$s = \mu_1 \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 1,44 \text{ кПа}$$

$$\mu_2 = \frac{\gamma \cdot h}{s_k} = \frac{2 \cdot 0,5}{0,8} = 1,6$$

$h=0,5 \text{ м}$ (парапет биіктігі):

$$s_1 = \mu_1 \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 0,64 \text{ кПа}$$

$$s_2 = \mu_2 \cdot C_e \cdot C_t \cdot s_k = 1,6 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1,8 = 2,88 \text{ кПа}$$

2.1.4 Жел жүктемесі

Z биіктіктегі $q_p(z)$ жылдамдық қысымының ең жоғары мәнін жылдамдықтың орташа және қысқа мерзімді ауытқуларын ескере отырып анықтау керек.

$C_e(z) = 1,912$ – экспозиция коэффициенті (СП РК EN 1991-1-4 бойынша 4.9 формуламен немесе 4.2 суреттегі график арқылы есептейміз).

СП РК EN 1991-1-4 4.10 бойынша есептейміз:

$$q_b = 0,5 \cdot \rho \cdot v_b^2 \quad (2.1.4.1)$$

$$q_b = 0,5 \cdot 1.25 \cdot 30^2 = 0,56 \text{ кПа}$$

$v_b = 30 \text{ м/с}$ (Аумақ типіне байланысты желдің базалық жылдамдығының мәні – 30 м/с , Орал(Чингирлау) қаласы үшін 3 аймақ типі).

$$q_p(z) = C_e(z) \cdot q_b \quad (2.1.4.2)$$

$$q_p(z) = 2,8 \cdot 0,56 = 1,568 \text{ кПа}$$

Ғимарат конструкцияларының сыртқы беттеріне әсер ететін жел қысымын мына формуламен анықтаймыз:

$$\omega_e = q_p(z_e) \cdot C_{pe} \quad (2.1.4.3)$$


$q_p(z_e)$ – желдің жылдамдығының ең жоғары мәні;

z_e – сыртқы қысым үшін негізгі биіктік;

C_{pe} – ішкі қысымның жел соғатын жақтың аэродинамикалық коэффициенті.

Бірінші қарастыратын бағыт ($e = b = 38,485 \text{ м}$) б жағдайына сәйкес болады. 7.1 кесте бойынша C_{pe} мәндерін табамыз.

$$38,485 \text{ м} < 44,020 \text{ м} < 76,97 \text{ м}$$



2.1.4.1 Сурет – Желдің соғу бағыты

Д:

$$C_{pe} = 0.8$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0.8 = 1,2544 \text{ кПа}$$

Е:

$$C_{pe} = 0,5$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0,5 = 0,784 \text{ кПа}$$

А:

$$C_{pe} = 1,2$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 1,2 = 1,8816 \text{ кПа}$$

В:

$$C_{pe} = 0.8$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0.8 = 1,2544 \text{ кПа}$$

С:

$$C_{pe} = 0.5$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0,5 = 0,784 \text{ кПа}$$

ЛИРАға жүктеме ретінде беру үшін жүк ауданына (қабат биіктігі) көбейтіп, өлшем бірлігін кН/м² айналдырамыз.

Д:

$$1,2544 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 4,5 \text{ кН/м}$$

Е:

$$0,784 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 2,8 \text{ кН/м}$$

А:

$$1,8816 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 6,8 \text{ кН/м}$$

В:


$$1,2544 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 4,5 \text{ кН/м}$$

С:

$$0,784 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 2,8 \text{ кН/м}$$

Келесі қарастыратын бағыт ($e = b = 64,485 \text{ м}$) б жағдайына сәйкес болады. 7.1 кесте бойынша C_{pe} мәндерін табамыз.

$$64,485 < 44,020$$



2.1.4.2 Сурет – Желдің соғу бағыты

Д:

$$C_{pe} = 0.8$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0.8 = 1,2544 \text{ кПа}$$

Е:

$$C_{pe} = 0,5$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0,5 = 0,784 \text{ кПа}$$

А:

$$C_{pe} = 1,2$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 1,2 = 1,8816 \text{ кПа}$$

В:

$$C_{pe} = 0.8$$

$$\omega_e = 1,568 \cdot 0.8 = 1,2544 \text{ кПа}$$

ЛИРАға жүктеме ретінде беру үшін жүк ауданына (қабат биіктігі) көбейтіп, өлшем бірлігін кН/м² айналдырамыз.

Д:

$$1,2544 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 4,5 \text{ кН/м}$$

Е:

$$0,784 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 2,8 \text{ кН/м}$$

А:

$$1,8816 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 6,8 \text{ кН/м}$$

В:

$$1,2544 \text{ кПа} \cdot 3,6 = 4,5 \text{ кН/м}$$

2.1.5 Жүктемелердің есептік үйлесімі

Жүктемелердің есептік үйлесімі СН РК EN 1990:2002 бойынша құрылады.

2.1.5.1 Кесте – Жүктемелер түрлері

№	Жүктеме аталуы	Түрі
1	Ғимараттың өз салмағы	Тұрақты, G
2	Еден конструкциясының салмағы	Тұрақты, G
3	Қабырға конструкциясының салмағы	Тұрақты, G
4	Горизонталь жүктеме	Тұрақты, G
5	Аражабынға түсетін уақытша жүктеме	Уақытша, Q
6	Жабынға түсетін қар жүктемесі	Уақытша, Q
7	X бағыты бойынша жел	Уақытша, Q
8	-X бағыты бойынша жел	Уақытша, Q
9	У бағыты бойынша жел	Уақытша, Q
10	-У бағыты бойынша жел	Уақытша, Q

2.1.5.2 Кесте – Жүктемелер түрлері

№	Аталуы	Параметрлері
1	Ұстын	$R_0 = 25, E = 3,3e+007, B=50, H=50$
2	Аркалық	$R_0 = 25, E = 3,3e+007, B=30, H=40$
3	Пластина (Іргетас тақтасы)	$E = 3,3e+007, V=0.3, H=100, R_0 = 25$
4	Пластина (Аражабын тақтасы)	$E = 3,3e+007, V=0.2, H=30, R_0 = 25$
5	Пластина (Қабырға)	$E = 3,3e+007, V=0.17, H=41, R_0 = 25$

РСН 1 негізгі жүктемелер комбинациясы 6.10a формуласы бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} \psi_{0,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$$

РСН 2-ден 13 дейін негізгі жүктемелер комбинациясы 6.10b формуласы бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} \xi_j \gamma_{G,j} G_{k,j} + \gamma_P P + \gamma_{Q,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \gamma_{Q,i} \psi_{0,i} Q_{k,i}$$

РСН 14-тен 43 дейін негізгі жүктемелер комбинациясы 6.12b формуласы бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + A_{Ed} + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}$$

РСН 44-тен 47 дейін негізгі жүктемелер комбинациясы 6.15b формуласы бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \psi_{1,1} Q_{k,1} + \sum_{i > 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}$$

РСН 48 негізгі жүктемелер комбинациясы 6.16b формуласы бойынша:

$$\sum_{j \geq 1} G_{k,j} + P + \sum_{i \geq 1} \psi_{2,i} Q_{k,i}$$

2.1.6 Негізді модельдеу


Грунтты ЛИРА бағдарламасының ГРУНТ жүйесімен жүзеге асады.

Құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық зерттеулерінің деректері бойынша (ұңғымалардың орналасуы мен сипаттамалары) топырақтың үш өлшемді моделі жасалады. Осы модельге сәйкес, плитаның бүкіл аймағында Іргетас тақтасының жүктемелеріне және жақын маңдағы ғимараттардың жүктемелеріне байланысты төсек коэффициенттерінің C_1 , C_2 мәндері анықталады, сонымен қатар сығылатын қалыңдық пен шөгіндінің тереңдігі есептеледі.


Әрбір соңғы элемент үшін төсек коэффициенттерінің шамалары құрылымды топырақ негізімен бірге одан әрі есептеу үшін автоматты түрде жалпы компьютерлік модельге беріледі.

2.1.6.1 Кесте – Шөгуді есептеу үшін топырақ қабаттарының сипаттамасы

Қабат	Қабаттың қалыңдығы	Топырақтың меншікті салмағы кН/м ³	Е, МПа
Саз	0,5	19,8	16
Құм	2,1	18	18
Саздақ	4	18,8	18
Саз	7	19,8	30



2.1.6.1 Сурет – Құрылыс аймағының геологиялық қимасы



2.1.6.2 Сурет – Бағдарламаға енгізілген мәліметтер

2.2 Конструктивті бөлімше

2.2.1 Ұстын есебі

Огибающая минимальных значений (СН РК EN 1990:2002+A1:2005/2011_1)
Эпюра N
Единицы измерения - кН



Минимальное усилие -538.872;

2.2.1.1 Сурет - Ұстынның максималды бойлық күш

Огибающая минимальных значений (СН РК EN 1990:2002+A1:2005/2011_1)
Эпюра M_y
Единицы измерения - кН*м



Минимальное усилие -447.476; Максимальное усилие 325.141

2.2.1.2 Сурет - Ұстынның максималды иілу моменті

Бетон классы 30/37

f_{ck} - бетонның сипаттамалық кедергісі;

f_{cd} -бетонның есептік кедергісі;

γ_c - бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті;

α_{cc} -жүктеменің ұзақ әсерін ескеретін коэффициент.

$f_{ck}= 30\text{МПа}$, $\gamma_c= 1.5$, $\alpha_{cc} = 0,85$

$$f_{cd} = \alpha_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{30}{1,5} = 17 \text{ МПа}$$

Арматура классы S500

f_{yk} -арматураның сипаттамалық кедергісі;

γ_s - арматураның жеке қауіпсіздік коэффициенті;

f_{yd} -арматураның сипаттамалық кедергісі.

$f_{yk} = 500\text{МПа}$

$\gamma_s = 1,15$

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 435\text{МПа}$$

$$l_0 = 0.5l = 0.5 \cdot 3,6 = 1,8 \text{ м}$$

Есептік ұзындықты үстіңгі және астыңғы бліктеріндегі босатпаларды ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.3.2(3)-т. (5.15) формуласы бойынша анықтаймыз:

$$\begin{aligned} l_0 &= 0.5l \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0.45 + k_1}\right) \cdot \left(1 + \frac{k_1}{0.45 + k_1}\right)} = \\ &= 0.5 \cdot 3,6 \sqrt{\left(1 + \frac{0.1}{0.45 + 0.1}\right) \cdot \left(1 + \frac{0.1}{0.45 + 0.1}\right)} = 2,5 \text{ м} \end{aligned}$$

$$k_1 = 0.1$$

$$2,5 > 0,5 \cdot l = 1,8 \text{ м}$$

$l_0 = 2,5 \text{ м}$ деп қабылдаймыз

Екінші ретті әсерлерді тексеру

Бағанды есептеу кезінде екінші ретті әсерлерді, яғни құрылымның деформациясына байланысты әсердің қосымша әсерлерін ескеру қажет пе, жоқ па, соны тексеру қажет.

Егер бағанның икемділігі (λ) мәннен аз болса, екінші ретті әсерлер ескерілмеуі мүмкін λ_{lim} .

λ_{lim} ұсынылатын мәні ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 (5.13N) формула бойынша анықталады

$$\lambda_{lim} = 20ABC/\sqrt{n} = 20 \cdot 1,1 \cdot 1,7 \cdot 0,7/\sqrt{0,12} = 72,6$$

$$n = N_{Ed}/A_c \cdot f_{cd} = 538 \cdot 1000/(500^2 \cdot 17) = 0,13$$

мұндағы N_{Ed} – салыстырмалы бойлық күш 538 кН тең; A_c – баған қимасының ауданы (баған қимасы: 500x500 мм); f_{cd} – бетонның жобалық сығылу кедергісі 17 МПа-ға тең; $A=0,7$; $B=1,1$; $C=1,7$.

Колоннаның икемділігі:

$$\lambda = l_0/i = 2500/144,35 = 17,3$$

$$i = \sqrt{I/A_c} = \sqrt{\frac{5,2 \cdot 10^9}{500 \cdot 500}} = 144,35$$

$$I = b \cdot \frac{h^2}{12} = 5,2 \cdot 10^9$$

мұндағы h – иілу осіне перпендикуляр ось бойынша бағанның көлденең қимасы 0,5 м-ге тең; l_0 – колоннаның есептік ұзындығы

Негізгі шартты тексеру:

$$\lambda = 17,3 < \lambda_{lim} = 72,6$$

2.2.1.1 Ұстынның қимасын және арматураларын таңдау

Формула бойынша анықтаймыз:

$$\frac{c_1}{h} = \frac{c_2}{h} = \frac{40}{500} = 0,08 \approx 0,1 \rightarrow \omega_{tot} = 0,6$$

$$\alpha_{Eds} = \frac{M_{Eds}}{f_{cd} \cdot b \cdot d^2} = \frac{325 \cdot 10^6}{17 \cdot 500 \cdot 500^2} = 0,15 < \alpha_{Eds,lim} = 0,372$$

$$A_{s,tot} = \omega_{tot} \cdot b \cdot \frac{h}{\left(\frac{f_{yd}}{f_{cd}}\right)} = \frac{0,6 \cdot 500 \cdot 500}{\frac{435}{17}} = 5862 \text{ мм}^2$$

$$A_{s1} = A_{s2} = 32,17 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: $A_{s,tot} = 64,34 \text{ см}^2$, саны 8 диаметрі 32мм S500 S=400 мм
 $A_{s1} = A_{s2} = 32,17 \text{ мм}^2$

Көлденең арматураның диаметрі 6 мм кем емес немесе бойлық арматураның ең үлкен диаметрінің 1/4 қабылданады. $S_{cl,max}$ көлденең арматурасының қадамы үшеуінің кіші мәніне тең болуы керек:

1) $20 \cdot d = 20 \cdot 32 = 640 \text{ мм}$

2) $h_{min} = 400 \text{ мм}$

3) 400 мм

Диаметрі 8 мм көлденең арматураны 400 мм қадаммен қабылдаймыз.

Бойлық және көлденең арматураны анықтағаннан кейін мен арматуралық раманың дизайнын, спецификацияны және бағанның арматурасын жасаймыз.

2.2.2 Темірбетон арқалығын есептеу.

Арқалық тік құрылымдарды байланыстыратын көлденең темірбетоннан жасалған өнім, Дұрыс салынған темірбетон ригель жеткілікті беріктікті қамтамасыз етуі керек, өйткені олар еден плиталарының салмағын көтереді. Дұрыс таңдалған арматураның саны мен диаметрі құрылымның беріктігін анықтайды.

Бастапқы деректер:

Қима өлшемі $b=350 \text{ мм}$; $h=500 \text{ мм}$; $c_1=40 \text{ мм}$; Қалыпты бетон класы C30/37 ($f_{ck} = 30 \text{ МПа}$; $f_{cd} = 17 \text{ МПа}$); Арматура классы S500 ($f_{yk} = 500 \text{ МПа}$; $f_{yd} = 434,8 \text{ МПа}$);

Есептеу "ЛИРАСАПР" бағдарламалық кешенінің нәтижелері бойынша жүргізіледі.


Арқалыққа әсер ететін момент:



Сурет 2.4 – «Лири – САПР 2016» - ден алынған арқалықтың M_y эпюрасы



Сурет 2.5 – «Лири – САПР 2016» - ден алынған арқалықтың Q_z эпюрасы



Сурет 2.6 – «Лири – САПР 2016» - ден алынған арқалықтың N эпюрасы

$$M_{12} = 83,1 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$M_{21} = 38,9 \text{ кН} \cdot \text{м},$$

$$M_{23} = 52,9 \text{ кН} \cdot \text{м}.$$

Максималды аралықты момент:

$$M_{max} = 72,7 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Ортаңғы аралықты момент:

$$M_{23} = M_{32} = 50,4 \text{ кН},$$

$$M_{34} = 71,5 \text{ кН}.$$

Максималды бойлық күш:

$$Q = 130 \text{ кН}$$

а) Қимада әрекет ететін иілу моменті:

$$M_{Eds1} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1} = 83,1 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Балка бойынан әсер ететін бойлық күш жоқ. Өлшемсіз байланыстырушы коэффициентті қолдана отырып, иілетін(изгибающих) элементтерді есептейміз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}} = \frac{46}{\sqrt{\frac{83,1}{0,35}}} \approx 2,985$$

мұндағы

$$d = h - c_1 = 50 - 4 = 46 \text{ см}$$

НТП РК 02-01-1.1-2011-ның 194 бетіндегі В3 кестесін қолдана отырып, арматура үшін өлшемсіз байланыстырушы коэффициентін анықтаймыз:

$$k_d = 2,985; \frac{C30}{37} \rightarrow k_s = 2,38$$

$$A_{s1} = k_s \cdot \frac{M_{Eds}}{d} + \frac{N_{Ed}}{\sigma_{s1d}} = 2,38 \cdot \frac{83,1}{46} + 0 \approx 6,30 \text{ см}^2$$

Жауабы: 2 дан 22 диаметр S500 ($A_{s1} = 7,60 \text{ см}^2$)

б) Қимада әрекет ететін иілу моменті:

$$M_{Eds2} = M_{Ed} - N_{Ed} \cdot z_{s1} = 72,7 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Балка бойынан әсер ететін бойлық күш жоқ. Өлшемсіз байланыстырушы коэффициентті қолдана отырып, иілетін(изгибающих) элементтерді есептейміз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{Eds}}{b}}} = \frac{46}{\sqrt{\frac{72,7}{0,35}}} \approx 3,19$$

мұндағы

$$d = h - c_1 = 50 - 4 = 46 \text{ см}$$

НТП РК 02-01-1.1-2011-ның 194 бетіндегі В3 кестесін қолдана отырып, арматура үшін өлшемсіз байланыстырушы коэффициентін анықтаймыз:

$$k_d = 3,19; \frac{C30}{37} \rightarrow k_s = 2,36,$$

$$A_{s1} = k_s \cdot \frac{M_{Eds}}{d} + \frac{N_{Ed}}{\sigma_{s1d}} = 2,36 \cdot \frac{72,7}{46} + 0 \approx 4,73 \text{ см}^2.$$

Жауабы: 2 дан 20 диаметр S500 ($A_{s1} = 6,28 \text{ см}^2$)

2.2.2.1 Көлденең арматураны есептеу

Көлденең арматураны орнату қажет учаскенің ұзындығы есептеу, көлденең күштердің диаграммасымен анықталады. Ол үшін бетон қабылдай алатын көлденең күшті анықтаймыз (СН РК EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша 6.2a формуласымен анықтаймыз):

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot k \cdot (100 \cdot \rho_l \cdot f_{ck})^{\frac{1}{3}} \right] \cdot b_w \cdot d \quad (2.2.2.1.1)$$

мұндағы ρ_l – бойлық арматуралау коэффициенті;
0,12 –

$$C_{Rd,c} = \frac{0.18}{\gamma_c} = \frac{0.18}{1.5} = 0.12$$

;

k – коэффициент;

f_{ck} – бетонның сығылуғы сипаттамалық кедергісі;

b_w – арқалық ені;

d – көлденең қиманың тиімді биіктігі.

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{460}} = 1,65 \leq 2,$$

$$\rho_l = \frac{A_s}{b_w \cdot d} = \frac{760}{350 \cdot 460} = 0,005,$$

$$V_{Rd,c} = \left[0,12 \cdot 1,65 \cdot (100 \cdot 0,005 \cdot 30)^{\frac{1}{3}} \right] \cdot 350 \cdot 460 = 78,62 \text{ кН.}$$

Бірақ мына мәннен кем емес:

$$V_{Rd,c,min} = \left[0,035 \cdot k^{\frac{3}{2}} \cdot f_{ck}^{\frac{1}{2}} \right] \cdot b_w \cdot d = \left[0,035 \cdot 1,65^{\frac{3}{2}} \cdot 30^{\frac{1}{2}} \right] \cdot 350 \cdot 460 = 65,42 \text{ кН}$$

Қаралатын тірек жанындағы аймақта:

$$V_{Rd,c} = 78,62 \text{ кН} < V_{Ed} = 130 \text{ кН}$$

Есептелген көлденең арматураны орнату керек учаскенің ұзындығын анықтаймыз (тірек осінен есептегенде):

$$a_{w1} = \frac{V_{Ed} - V_{Rd,c}}{g + q} = \frac{130 - 78,62}{27,492 + 7,6} = 1,5 \text{ м}$$

мұндағы g – тұрақты жүктеме;
 q – уақытша жүктеме.

Көлденең арматурасы бар қима қабылдайтын есептік көлденең күш бұл қимадағы көлденең күшке тең:

$$V_{Rd,sy} = V_{Ed} = 130 \text{ кН}$$

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s=100$ мм:

$$A_{sw1} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{s}{0,9 \cdot d \cdot \cot\theta} = \frac{130 \cdot 10^3}{167} \cdot \frac{100}{0,9 \cdot 460 \cdot \cot 40^\circ} = 155 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 2 дана 10 диаметрі S240 ($A_{s1} = 157 \text{ мм}^2$)
 мұндағы f_{ywd} – (Кесте 6.4 НТП РК 02-01-1.1-2011)

Келесі шарттардың орындалуын тексереміз:

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} \leq 0,5 \cdot v \cdot f_{cd} \quad (2.2.2.1.2)$$

мұндағы v – созылу жағдайында бетонның сығылу беріктігінің төмендеуін ескеретін және ауыр бетон үшін тең коэффициент;

f_{sw} – Көлденең арматураның қадамымен біз оның көлденең қимасын анықтаймыз осы әдіспен көлденең арматураның саны ескеріліп, соңғы формула олар ондағы кернеулер кірістілік шегіне жетеді деген шартты қабылдайды деп есептейді, $f_{sw} = f_{ywd}$

$$v = 0,6 \left(1 - \frac{f_{ck}}{250} \right) = 0,6 \cdot \left(1 - \frac{30}{350} \right) = 0,548 \geq 5,$$

$$\frac{A_{sw} \cdot f_{sw}}{b_w \cdot s} = \frac{157 \cdot 167}{350 \cdot 100} = 0,75 \text{ МПа},$$

$$0,5 \cdot v \cdot f_{cd} = 0,5 \cdot 0,548 \cdot 17 = 4,65 \text{ МПа},$$

$$0,75 \text{ МПа} \leq 4,65 \text{ МПа}.$$

Келесі шарттардың орындалуын тексереміз:

$$V_{Ed} \leq V_{Rd,max} = \frac{v \cdot f_{cd} \cdot b_w \cdot d}{\cot 40^\circ + \tan 40^\circ} = \frac{0,548 \cdot 17 \cdot 350 \cdot 460}{1,192 + 0,839} = 738,49 \text{ кН},$$

$$130 \text{ кН} \leq 4738,49 \text{ кН}.$$

Шарттар орындалады.

Аралыққа көлденең арматураны үшбұрыштың ұқсастық белгісінен аламыз орта аралықта:

$$V_{Rd,sy} = V_{Ed} = 66,2 \text{ кН}$$

Көлденең арматураның қадамын қабылдаймыз $s=200 \text{ мм}$:

$$A_{sw2} = \frac{V_{Ed}}{f_{ywd}} \cdot \frac{s}{0,9 \cdot d \cdot \cot \theta} = \frac{66,2 \cdot 10^3}{167} \cdot \frac{200}{0,9 \cdot 460 \cdot \cot 40^\circ} = 150,69 \text{ мм}^2$$

Қабылдаймыз: 2 дана 10 диаметрі S240 ($A_{s1} = 157 \text{ мм}^2$)

3 Ұйымдастыру-технологиялық бөлім

